**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ**

Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Генерал Дүсенов көшесі, 104

**СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ**

Павлодарская область, город Павлодар, улица Генерала Дюсенова, 104

25.09.2024 № *5501-24-5-29/9638*

КГКП "Ясли-сад № 18 физкультурно-оздоровительного профиля"

ТОО "Samgau Group KZ"

Павлодар облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге 14.08.2024 ж. заңды күшіне енген, сот шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі

Специализированный межрайонный экономический суд Павлодарской области направляет Вам копию решения суда от 14.08.2024 г., вступившее в законную силу, для исполнения.

Приложение: копия решения

**Судья** **Ә.Төлембекова**

Құжатты жасаған: ҚУАН С. А., 87083846131, 718-2479@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ТӨЛЕМБЕКОВА Ә. С., 25.09.2024 13:42

*Орынд.: Қуан С. А.*
тел.: *87056099752, 718-2479@sud.kz*

5501-24-5-29/9638 25.09.2024

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

# ШЕШІМ
## Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 14 тамыз № 5501-24-00-2/2239 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «Дене шынықтыру-сауықтыру үлгісіндегі №18 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «Дене шынықтыру-сауықтыру үлгісіндегі №18 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «Дене шынықтыру-сауықтыру үлгісіндегі №18 сәбилер

бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынын пайдасына 960 (тоғыз жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 29 (жиырма тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 14.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 24.09.2024

5501-24-3-1/2480